

Жаңаарқа кенті, Б.Амалбеков атындағы тірек мектебі(РО)

Қамқоршылық кеңес отырысының

Хаттамасы № 2

29.08.2023 ж

Қатысқандар:

1. Корабаева Г.К. - мүшесі
2. Абылкасымова Ж.- мүшесі
3. Богенбаева Б.Т– мүшесі
4. Омарбаева А – мүшесі
5. Жарылғапова Ш.- мүшесі
6. Нұркенов Р. – мүшесі
7. Дүйсенбаев Б – мүшесі
8. Есенбаев Н – мүшесі
9. Қасенбекова Н– мүшесі

Мектеп директорының м.а А.А.Садвакасова

Хатшы: Айтжанова А.Х.

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңестің жаңа мүшелерімен таныстыру, төраға (төрайымын) тағайындау. Мектеп директорының м.а А.А.Садвакасова

2. 2023-2024 жаңа оқу жылындағы МАД, 1-4, 5-11 сыныптардың сабақ кестелері мен ұйымдастырылған іс әрекет кестелері, қоңырау кестелерімен танысу және бекіту. Мектеп директорының м.а А.А.Садвакасова.

3. 2023 жылдың I жартыжылдық бойынша мектепте әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен оқушылардмен жұмыс және қайырымдылық көмектің жұмсалуды бойынша мектеп директорының м.а А.А.Садвакасова есебі.

Тыңдалды:

1. Мектеп директорының м.а А.А.Садвакасова қамқоршылық кеңестің жаңа мүшелерімен таныстырды, олар: Корабаева Гулден Койшыбаевна 18.11.1982 жылы туған, Жаңаарқа аудандық мәслихат аппаратында юрист болып жұмыс атқарады, Абылкасымова Жанбота Балтабаевна - көпбалалы ата-ана, жеке кәсіпкер «Жанбота» жұмыс атқарады, Богенбаева Бакыт Тлектесовна - жеке кәсіпкер «Богенбаева Б.Т.», Жарылғапова Шолпанай - көпбалалы ата-ана, жеке кәсіпкер «Жарылғапова Ш.». Және кеңес төрайымына Корабаева Гулден Койшыбаевнаны ұсынды. Нұркенов Р., Дүйсенбаев Б., Есенбаев Н. Қорабаеваның кандидатурасын төрәйым болуына лайық деп қолдады. Дауыс беру арқылы кеңестің барлық мүшелері бір ауыздан Корабаева Гулден Койшыбаевнаны қамқоршылық кеңес төрайымына ұсынды.

2. Мектеп директорының м.а А.А.Садвакасова 2023-2024 жаңа оқу жылындағы МАД, 1-4, 5-11 сыныптардың сабақ кестелері мен ұйымдастырылған іс әрекет кестелері, қоңырау кестелердің құрастыру нұсқаулықтары мен заңнамаларымен таныстыра отырып, оқушылардың

өмір және денсаулықтарын сақтау қағидаларына сәйкестігін дәлелдеп көрсетті.

3. Мектеп директорының м.а А.А.Садвакасова баяндауы бойынша қаңтар айында «Қамқорлық қайырымдылық» республикалық акциясы өтті. Акция мақсаты – күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім – балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған балалардың өзге де санаттарына әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету. Әлеуметтік себептер бойынша (киімнің, аяқ киімнің, мектепке керек – жарактарының) сабақтарға балалардың келмеуінің алдын алу болып табылады.

4 «г» сыныбының оқушысы көп балалы Сейфулла Зереге – спорттық аяқ – киім және 6 «г» сыныбының оқушысы көп балалы отбасынан шыққан Әбілқасым Мирасқа қысқы куртка мен етік берілді.

Мектепішілік ата – аналар жиналысында «Отбасы жарастығы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Наурыз мерекесі қарсаңында мектеп жастарының көмегімен ұйымдастырылған қаражатқа аз қамтылған отбасынан шыққан 6 «г» сыныбының оқушысы Хамзе Айсараға қажетті азық – түліктер мен тәттілер апарылды.

Себепсіз сабақты босатқан 7 «а» сыныбының оқушысы Сембек Дәулет, 8 «в» сыныбының оқушысы Шакеров Нұрсұлтан, 8 «а» Әбікен Мөлдір ата – аналарын шақыртып түсіндірме жұмыстарын жүргізілді, түсініктеме алынды. Үйіне барып рейд жасап әлеуметтік жағдайын бақылап ата – анасымен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп қазіргі таңда біршама сабаққа қатысуы жақсартылды.

Жалпы мектеп бойынша үш бағыттан тасымал жасалынады. Олар: темір жолдың арты, Жаңа Нұр, ДЭУ бағыттары бойынша. Темір жолдың артынан – 15 отбасынан 25 оқушы тасымалданады, Жаңа Нұрдан – 3 отбасынан 3 оқушы, ДЭУ – 7 отбасынан 12 оқушы тасымалданады. Жалпы мектеп бойынша үш бағыттан тасымал жасалынады. Олар: темір жолдың арты, Жаңа Нұр, ДЭУ бағыттары бойынша. Темір жолдың артынан – 15 отбасынан 25 оқушы тасымалданады, Жаңа Нұрдан – 3 отбасынан 3 оқушы, ДЭУ – 7 отбасынан 12 оқушы тасымалданады. Тасымал уақытылы жасалынады.

Мектеп жанынан құрылған лагерге әлеуметтік санаттағы яғни тамақтанумен қамтылатын 25 оқушы. Қазіргі таңда оқушылардың құжаттары жинақталып, тізім бекітілді. Әлеуметтік санаттағы оқушылар мектеп жанынан құрылған лагерлермен және қала сыртындағы аяқталған мектептермен қамтамасыз етіледі.

Қараусыз, қадағалаусыз және басқа да мектепке келмей жүрген балалар анықталған жоқ.

Шешімі:

1. Корабаева Гулден Койшыбаевнаны қамқоршылық кеңес төрайымы болып тағайындалды.

2. 2023-2024 жаңа оқу жылындағы МАД, 1-4, 5-11 сыныптардың сабақ кестелері мен ұйымдастырылған іс әрекет кестелері, қоңырау кестелері бекітілсін.

3. 2023 жылдың I жартыжылдық бойынша әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен оқушылармен жұмыс және қайырымдылық көмектің жұмсалуды бойынша мектеп директорының м.а А.А.Садвақасованың есебі қанағаттанарлық, көрсетілген қамқорлық бақылау, материалдық қолдау жұмыстары әділ, айқын деп танылсын.

1. Корабаева Г.К. - Кеңес төрайымы: *Г. Корбаева*
 2. Абылкасымова Ж.- мүшесі *Ж. Абылкасымова*
 3. Богенбаева Б.Т- мүшесі *Б.Т. Богенбаева*
 4. Омарбаева А – мүшесі *А. Омарбаева*
 5. Жарылғапова Ш.- мүшесі *Ш. Жарылғапова*
 6. Нұркенов Р. – мүшесі *Р. Нұркенов*
 7. Дүйсенбаев Б – мүшесі *Б. Дүйсенбаев*
 8. Есенбаев Н – мүшесі *Н. Есенбаев*
 9. Қасенбекова Н- мүшесі *Н. Қасенбекова*
- Хатшы: Айтжанова А.Х. *А.Х. Айтжанова*